

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1226

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымын оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 633 P970633\_ және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 4 мамырдағы N 706 P970706\_ қаулыларын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Жезқазған облысын аудандық жоспарлау схемасы және оның негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Советінің 1977 жылғы 29 желтоқсандағы N 588 қаулысы;

"Көкшетау облысын аудандық жоспарлау схемасы және оның негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Советінің 1977 жылғы 1 желтоқсандағы N 541 қаулысы;

"Семей облысын аудандық жоспарлау схемасы және оның негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Советінің 1978 жылғы 3 сәуірдегі N 132 қаулысы;

"Талдықорған облысын аудандық жоспарлау схемасы және оның негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Советінің 1977 жылғы 29 желтоқсандағы N 589 қаулысы;

"Торғай облысын аудандық жоспарлау схемасы және оның негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Советінің 1980 жылғы 23 қыркүйектегі N 356 қаулысы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК